

Алға аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 137 "Алға ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2025 жылғы 5 маусымдағы № 281 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 маусымда № 36307 болып тіркелді

Алға аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алға аудандық мәслихатының "Алға ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 28 наурыздағы № 137 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8561-04 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен айқындалған, Алға ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібінде:

9 тармақ келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алға аудандық
мәслихатының төрағасы

М. Тулеуов